

УДК 323.1

Ә. О. Тұрдалиев,
Х. Досмұхамедов атындағы Атырау Мемлекеттік университетінің ассоциациялық профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты. Атырау облысы әкімі аппаратының Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау, біліктілігін арттыру және тілдерді оқыту өңірлік орталығының оқытушысы

МӘҢГІЛІК ЕЛ – ХАЛЫҚ БІРЛІГІ МЕН ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМНІҢ ҰЛТТЫҚ ИДЕОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа

Мақалада автор Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Мәңгілік ел идеясын, Қазақстан халқының бірлігі мен қоғамдық келісімнің ұлттық идеологиясына айналдыру жолдарын қарастырып, ұлттық идея төңірегінде еліміздің алдыңғы қатарлы азаматтарын топтастыру арқылы мемлекетіміздің негізін нығайтатын мемлекеттік ұлттық саясатты жүзеге асырудағы мемлекеттік қызметшілердің рөлін айқындайтын ұсынымдар ұсынады.

Тірек сөздер: *мәңгілік ел, мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігі, ұлттық идея, ұлттық саясат, тәуелсіздік, Президент Жолдауы.*

Аннотация

В статье рассматривается идея Н. А. Назарбаева «Мәңгілік Ел», основой которой являются общественное согласие и единство народа Казахстана. Автор акцентирует внимание на роли государственных служащих, которые формируют и претворяют в жизнь государственную национальную политику Казахстана.

Ключевые слова: *вечная страна, профессиональная квалификация государственных служащих, национальная идея, национальная политика, независимость, Послание Президента.*

Abstract

The article considers the importance of using interactive tools and methods in the process of retraining and advanced training of civil servants. The author believes that the use of interactive tools and methods to actively influence the formation of information culture listeners and enhances the quality of learning, offering some condition.

Keywords: *professional qualifications of public employees, the new information technology, interactive methods, information culture, the quality of teaching.*

Ұлттық идея тамырын тереңнен алады және этностың болмыстық табиғатын түзеді, оның тарихымен және мәдениетімен байланысты. Ол этникалық сезімдердің негізінде пайда болады. Ал идеология қоғамдық сананың жоғарғы сатысы болып табылады. Егер ол ұлттық идеяға негізделсе, оның құндылықтарымен толықтырылса, күшке ие болады. Идеялардың маңызды топтастырушысы болып табылатын идеология стихиялы түрде пайда болмайды, оны адамдар қалыптастырады және оның өзіндік мақсаты мен қызметі болады.

Ұлттық идеяның одан айырмашылығы – оны адамдар жасамайды, ол табиғи түрде пайда болады. Оның қайнар көзі әлеуметтік-тарихи негіздері тұрғысынан алып қарағанда оның шығу тегі тайпалық, рулық құрылыста, ал психологиялық және гносеологиялық негіздері тұрғысынан алып қарағанда этникалық сезімдерде жатқан сияқты. Сезімге қоршаған табиғи орта, отбасы, әлеуметтік және рухани факторлар да әсер етеді. Егер табиғаты бай болса, ол жердің халқы да дарқан болмақ. Ұлттық идея туған жерге, отанына, үйіне, туған-туыстары мен жақындарына, табиғат мезгілдеріне, достарына деген генетикалық және патриоттық сезімдерден туылады. Бұл сезімдер арнайы қалыптаспайды, адамға туған кезінен бастап беріледі. Ұлттық сезім осындай генетикалық сезімдерден бастау алады. Адамдағы осы психикалық сезім сана арқылы туған өлке туралы идеяға айналады. Барлық этнос үшін ортақ ұлттық идея болмайды. Әр этностың өз ұлттық идеясы болады.

Тарихи қалыптасқан ұлттық-этникалық қауымдастықтардың тұрақтылығы, беріктігі оның адамдардың маңызды қажеттілігі, сұраныстарынан, тіпті мұқтаждықтарынан туып отырады. Біріншіден, ұлттық сана-сезім, психология оның мәдени және рухани құндылықтарының

бейнесі, ұлттың ұлт ретінде басын біріктіріп, тұтастығына, тарихын сақтауына негіз болады. Екіншіден, этникалық стереотиптер, ұстанымдар басқа ұлттарды қабылдауға, «біз» бен «оларды» салыстыруға, олармен араласып, алысып, берісіп өмір сүруге бағыт берді. Үшіншіден, адамның дүниетанымы, рухани бейнесі, мәдени таңдауы, өмір салты, дәстүрі, наным-сенімі көп жағдайда этникалық тегіне байланысты. Сондықтан ұлттық идея белгілі бір тарихи қажеттіліктен пайда болып, адам өміріне зор ықпал жасайды.

Ұлт өміріндегі айтулы оқиғалар, қайғы-қасірет, жеңістер мен табыстар, оның жанына салған жарақат немесе ерлігі талай ұрпақтардың мақтанышы мен қайғысына айналады. Жоңғарларға тойтарыс беру, ұлт-азаттық қозғалыстар, Желтоқсан көтерілісін, ұлт батырларын бүгінгі ұрпақ қастерлеп еске алса, тарихи сана жалғасады. Ал бүгінгі көрікті Астананы, жаңарып келе жатқан елімізді, мәдени мұраны мақтаныш ету кешегі мен бүгінді байланыстырады. Сонымен бірге қазақтың кең даласы, қалалары мен ауылдары, сулары мен таулары, табиғаты ұлтымыздың рухын көтеріп, келешегі мен бүгінгіні жалғастырып, ұрпақтың басын біріктіреді.

Ұлттық сезім адам бойына ырықсыз, өзінен-өзі ұялататын сезімдердің бірі, тіпті басқа тілдерді меңгерсе де, нақ осы тіл, басқа тіл не тілдер емес, тек менің ана тілім деп қабылданады.

Ұлттың табиғатын саяси тұрғыдан саралау оны мемлекеттік дамумен байланыстырады. Гегель кезінде ұлт, ұлттық мемлекет абсолюттік идеяның көрінісі деген болатын. Ұлттық пен мемлекеттік арақатынасы туралы П.Б.Струве былай дейді: «Өз мемлекетінді жек көруге болады, бірақ ұлтыңды жек көру мүмкін емес» [1, 13 б.]. Ұлттың мәнін пайымдауда социологиялық ой-пікірдің алатын орны ерекше. Қытай конфуцийшіл ойшылы, біздің заманымызға дейінгі III ғасырда өмір сүрген Сюньцзы: «Барлық жаңа туған сәбидің үні бірдей, бірі-ақ өсе келе олар әртүрлі әдеп-ғұрыпқа үйренеді», деп ұлттың жаратылысын әлеуметтік ортамен байланыстырады [2, 315 б.].

Ұлттың басын біріктіруде мемлекеттің дәнекерлік қызметі аса жоғары. Біріншіден, мемлекет дәрежесіне ие болған халықтар дамыған, кемелденген ұлттар болып есептелініп, басқа ұлттарға қарсы қойылады. Екіншіден, ұлттық болмысты мемлекеттілікпен байланыстыру саяси шекарамен бөлінген бір ұлтты бірнеше ұлт ретінде қарастыруға әкеледі.

Әлеуметтік-саяси және табиғи-биологиялық факторлар бір-біріне үйлесімді толықтырып, қайталанбас этникалық организмнің негізі болады. Тарихи оқиғалардың нәтижесінде қалыптасқан Қазақстанды бір ұлт – қазақтар мен 6 диаспора (орыстар, өзбектер, украиндықтар, ұйғырлар, татарлар мен немістер) ел халқының 96 пайызын құрайды.

Байыпты ұлт саясатын жүргізуге негіз болатын мемлекет халқының құрамының күрделілігін ескеру, оның басымдықтары мен ерекшеліктерін айқындау, жетілдіру, тұрақтылық пен келісімді нығайту мәселелері Мәңгілік Ел идеясында көрініс тапқан. Осы тұрғыдан алғанда, Ел Президенті Н.Ә.Назарбаевтың тарапынан көтерілген Мәңгілік Ел идеясы – ұлтымыздың бірлігін сақтай отырып, халқымыздың болашаққа бірге жұмылуға жасалған қадам.

Жиырма жылдан астам тарихында қазақ елі бүгінде әлемдік қауымдастыққа достықтың бесігі ретінде танылып, қаршындап алға басуда. «Қонақжайлылық», «сыйластық» ұғымдары ертеден қанымызға сіңген қасиет. Қазақ жері жүзден астам этносты біріктірді. Тек қана этнос емес, олардың тілдері мен қызыққа толы салт-дәстүрлері үндесе білді. Өзіне тән реңктер мен әсем сұлулыққа ие болды. Қаншалық ұлт өкілдері көптеп орын тепкенімен, барлығының бір жерде татулықта күн кешуі кеменгер саясат пен халық салтының беріктігінен жүзеге асып отыр. Еліміздің тыныштығы, береке-бірлік пен тұтастығы Мемлекет басшысының сара саясатымен тікелей байланысты. Сол себепті де бұқара ұлтты ұйыстырушы күшке айналған осы идеяның маңына топтасып, Мәңгілік ел идеясы – халық бірлігі мен қоғамдық келісімнің ұлттық идеологиясына айналуы тиіс.

Ендігі жерде еліміздің болашағы үшін ерінбей еңбек ету маңызды әр мемлекет қызметшісінің парызы деп түсіну керек. Мәңгілік Ел идеясы – мемлекетіміз үшін тарихи миссия және біздің ұлы мұратымыз жолындағы негізгі қадамдардың бірі. Бұл мемлекеттік қызметшілер үшін ел болашағына бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея. Тәуелсіздікпен бірге халқымызды мәңгілік мұраттарына қол жеткізеді. Халықпен жұмыс жасау барысында жасампаз идеяның айналасына топтасып Елбасы үндеуіне үн қосып, оның жүзеге асуын қолдап атсалысу, әр мемлекеттік қызметші үшін елдіктің, патриоттықтың белгісі.

Мәңгілік ел идеясы кенеттен пайда болған жоқ. Ол ғасырлар қойнауынан келе жатқан бабалар арманы. Ел тәуелсіздігі жарияланғаннан бергі уақытта жасалған істердің, еліміздің әр азаматының тәуелсіз отанының болашағына деп қосқан үлесінің жалғасы. Ол қазақтың мәңгілік ғұмыры ұрпақтың болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – мәңгілік қазақ елінің перзенті ретінде әлемге танылуы тиіс. Әрбір мемлекеттің идеологиясындағы сүйенетін тұғыры тарих болатыны анық. Осы орайда, Н.Ә.Назарбаевтың 1993 жылғы 9 қазанда «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде» атты еңбегіндегі айтылған ойлар қазіргі таңдағы «Мәңгілік ел» идеясының халық бірлігі мен қоғамдық келісімнің ұлттық идеологиясы ретінде сұранып тұр десе болғандай. Бұл еңбегінде Елбасы Қазақстанға жаңа үлгідегі идеологияның қажеттілігі бар ма, жоқ па деген талас төңірегінде нақты пікір айтты: 1. Идеология – адамдардың қоғамдастығын саяси және экономикалық міндеттерді топтастыру тәсілі. 2. Идеология – әлеуметті мінез-құлықты қалыптастыру механизмі. 3. Идеология – мемлекеттің және оның тұғырнамасын қолдайтын партиялардың, қоғамдық қозғалыстардың, адамдардың ақыл-ойына өркениетті түрде ықпал ету тәсілі. 4. Өмір алға озып отырған кезде әртүрлі идеологиялық ағымдар болады», – деп атап көрсеткен болатын [3, 3 б.]. Елбасының Қазақстан халқына ұсынып отырған жаңа үлгідегі «Мәңгілік ел» идеясы төңірегінде идеологиялық ұстанымдар шоғырлануы тиіс деген ойдамын.

Иә, елдік асылымыз ретінде қастерленуге лайық «Мәңгілік ел» идеясы да тарихтан жеткен ұғым. Идеологиямыз да тарихқа қатысты. Бір кездерде дүркіретіп билік құрған Көктүріктер империясы ту еткен, Тоныкөк негізін қалаған, ұлы Шыңғыс хан империясының атына айналған Мәңгі ел құндылығы бүгін, Қазақстан мемлекетінің түп қазығы – ұлттық идеясына айналуы тиіс. Ел Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Ұлытау төріндегі сұхбатындағы ой-пікірлерін «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы» атты баяндамасында: «Ел тәуелсіздігі, ұлт мұраты, ұрпақ болашағы сияқты ұлы құндылықтар ғана ғұмырлы» деген өзекті ойларын өрбіте келіп: «Біздің ұлттық тарихымыз – теңдессіз тарих» деп мәлімдеді. Ол Ұлы Түркі елінің тарихын Көк түріктер заманынан бастап Алтын орда («Осының өзін санайтын болсақ, 2000 жылдық тарихымыз шығады»), Қазақ хандығы, апайтөс даланы мекендеген «бабалардың заңды мұрагері», «бүкіл тарихтың түп-тамыры» – Бүгінгі Қазақстан мәртебесін, қастерлі Тәуелсіздігін асқақтатып, Мәңгілік Еліміздің болашағын кестелеп-өрнектеп жеткізіп, «Тәуелсіздік толғауын» керемет бір көсемдікпен, шешендікпен туындатты [4].

Қазақстан – көптеген ұлттар мен ұлыстардың татулықта орын тепкен қасиетті мекені. Қазақстан – этностық жанжалдардан азат аумақ. Халық даналығында «Тар жерде табысқан, кең жерде келіседі» деген қанатты сөз орынды айтылған. Халқымыздың қатпарлы тарихы сырға толы оқиғалармен жинақталған болатын. Қай кезеңді алып қарасаңыз да, еліміз іргедегі көршімізді сыйлап, қашанда көмек қолын созуға барынша тырысып, бауыр тұтатын. Ең тар заманды бірге бастан өткердік. Бүгінде сол халық өкілдері өз бауырымыз болып, бір халыққа айналды. Еліміздің көп ұлтты мәдениетін дамытуда 40 ұлттық мәдени орталықтар мен Қазақстан халықтарының біріккен Ассамблеясы жұмыстар атқаруда.

Қазіргі Қазақстан немесе Қазақстан Республикасы дегенде, әр мемлекеттік қызметкер өзінің кәсіби біліктілігін арттыра отыра, ең алдымен қазақ халқының тәуелсіз, егеменді ұлттық мемлекеттігінің қалыптасуын ұғыну керек. Қандай болмасын ұлттың мемлекеттіліксіз өмір сүре алмайтыны тарихтан белгілі. Демократияның негізгі бір принципіне де мемлекеттік құрылымның ұлттық сипатын сақтап қалу, жан-жақты дамыту саясаты жатады. Бұл принцип жүзеге аспаған жағдайда ұлттың құрып кетуі кезектегі мәселе.

Қазақ халқының ұлттық-саяси дамуының тамыры кешегі кеңес дәуірінен де әрі тереңде жатқанын ұғыну, танып білу мемлекеттік қызметкер бойында болашаққа деген ұмтылысты одан әрі аттыра түсетіні белгілі.

400 жылдан астам шексіз шығын қасірет, құрбандықтармен өткен саяси күресте дүниеге келген алғашқы тәуелсіз қазақ мемлекеттігі XIX ғасырдың екінші жартысында Қазақстанның Россияға қосылуы аяқталған соң мүлде жоғалып, оның орнына отаршылық саясаттың әскери-әкімшілік жүйесі орнады. 1917 жылы ақпан революциясынан кейін, Қазан революциясы кезінде ескі саяси жүйенің ыдырауына байланысты бүкіл Россия көлемінде етек алған бұқаралық-халықтық қозғалыс, жалпы қоғамдық үрдіс заңды

түрде қазақтың ұлттық автономиясын, тәуелсіз мемлекетін құру идеясын тудырды. Осы кезеңде Алаш партиясы құрылып, оның басшылары Алаш автономиясы туралы заң қабылданды. Тарих сабақтастығы жалғасып, ел егемендігі баян етілген шақта, Қазақстан Жоғары Кеңесі 1991 жылы 16 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заң қабылдады [5]. Осы заң бойынша Қазақстан Республикасының өз территориясында өкімет билігін толық иеленетіндігі, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес жүргізетіндігі белгіленді. Аталған заң республиканың жаңа Конституциясын әзірлеуге негіз болды. «Біз үшін ортақ тағдыр – бұл біздің Мәңгілік Ел, лайықты әрі ұлы Қазақстан! Мәңгілік Ел – жалпықазақстандық ортақ шаңырағымыздың ұлттық идеясы. Бабаларымыздың арманы», – деп Елбасы айтқандай, еліміздің дамушы мемлекет ретінде өзін-өзі одан әрі жасампаздығымен таныта беруі керек, бұл бір кездерде жоғарыда атап өткен бабаларымыздың салып кеткен жолының жалғасы іспетті [4]. Ежелден қазақ мемлекеттігі қалыптасқан тұста қабылданған «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның – ескі жолы» заңдары айқындаған ел өз бағытын өзгертпей ұзақ жылдар жасады. XX ғасырдың соңында өз тәуелсіздігін алған Қазақстанның алдағы бағдары Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жолы» [6] болмақшы.

Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде ұлттық өркендеу үдерісінің негізі 90-жылдары басталды. Біздің ата-қонысымыз мыңдаған жылдар бойына талай басқыншылықты басынан кешті. Қаншама көне қалалар, мәдени орталықтар қирады, кітаптар өртеліп, жазықсыз жандар құрбан болып, өлшеусіз қан төгілді. Бірақ қандай қырғын болса да алтын бесік ата-баба жері, атамекен дәл бүгінгідей ойрандалған емес. Жер ананың аялы алақанында аман қалған әрбір отбасынан рулы ел тарап, халық қашан да еңсесін көтеріп, ел болып дамып кете беретін. Халқымыздың ата-қоныс, қара орманға деген ұрпақтық сүйіспеншілігінің түп-тамыры да дәл осында жатыр. Сондықтан да ата-бабамыз осындай ұлан-ғайыр жерді ақ найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра еткен. Өкінішке орай, осы бір тарихи жалғастық Қазақстанды өз уысында ұстаған тоталитарлық мемлекет кезінде үзіліп қалды. 70 жылдан астам уақыт ішінде жүргізілген аяусыз зұлмат тек қазақ халқын сан жағынан ғана селдіретіп, өз отанында азшылыққа ұшыратып қойған жоқ, ол өмір сүретін табиғи ортаны да ойрандады, халық санасын уландырды, оның тарихында мыңдаған жылдар бойына мәңгілік болып саналып келген талай табиғи байлық ондаған жылдардың ішінде-ақ сарқылып келмеске кетті.

КСРО өзінің 70 жылдан астам тарихында ұлттардың, этникалық топтардың, аз халықтардың теңдігі мен құқы жөнінде жар салудан жалыққан емес, ал іс жүзінде халықаралық міндеттерді сақтау былай тұрсын, тіпті, конституциялық заң ережелері де орындалмады. Шынайы демократия болмағандықтан да заң әрқашан қағаз жүзінде қалып отырды. Тек тәуелсіз Қазақстан Республикасы жағдайында ғана құқықтық мемлекет құрудың шынайы мүмкіндігі туып отыр. Біздің жас мемлекетіміздің Конституциясында міне осы қадам тәуелсіз Қазақстанның демократиялық дамуының кепілі ретінде жүзеге асырылады. Біздің мемлекетімізде барлық азаматтардың теңдігі, барлығының заң алдындағы бірдей жауапкершілігі, кімнің қай ұлтқа жататындығына қарамастан, бірдей екендігі әуелден-ақ нақты көрсетілген. Осы орайда, мемлекеттік қызметкерлер тарапынан Мәңгілік Ел идеясы – Қазақстан халқының бірлігін сақтап, қоғамдық келісімді одан әрі дамыта отырып, түрлі ұлттар алдына бір мақсат қоя білетін жасампаз идеологияға айналуы тиіс.

Әрине, кейбір жағдайда жергілікті ұлт – қазақтардың мүддесі ерекше ескеріледі. Мұндай жағдайға ұлттық мәдениетті, тілді өркендету, қазақ диаспорасының рухани-мәдени және басқа да байланыстарын қалпына келтіру, олардың өз Отанына қайтып оралуына қолайлы жағдайлар туғызу жатады. Басқа елдер деңгейімен салыстырмалы түрде алғандағы экономикалық байлыққа қол жеткізудің алғышарты – бүкіл қоғамдық өмірді демократияландырған әділ мәңгілік мемлекет құру болып саналады.

Құқықтық демократиялық мемлекетте Конституция, яғни біздің қоғам өмірінің Негізгі Заңы аса жоғары мәнге ие. Конституция жобасы Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бастап жасалына бастады. Конституция қабылдаудан бұрын бүкілхалықтық талқылаудан өтіп, алғаш демократиялық референдум нәтижесінде қабылданды.

Тәуелсіз Қазақстанның өз елтаңбасы мен туы қабылдануы тарихымыздағы елеулі оқиға. 1992 жылдың 4 маусымы тарихта және халық санасына Қазақстан Республикасының мәңгілік мемлекеттік елтаңбасының туылған күні болып сақталады. Әр мемлекеттік

қызметкер үшін Мәңгілік ел идеясын насихаттау мемлекетіміздің рәміздерінен басталуы тиіс. Оның өзіндік себебі, тарих тұңғығынан алатын өзегін, байыптап қарасақ мемлекеттік рәміздерде мәңгіліктің нышаны көруге болады.

Жалпы бүгінде кеңінен қолданылатын «герб» термині «ербо» неміс сөзінен шыққан. Қазақ тіліне аударғанда ол «таңба» (тамға, белгі) деген түсінікті білдіреді. Бұл термин алғаш рет ежелгі Түрік Қағанатында қолданыла бастады (551–630 ж.ж.). Елтаңба дөңгелек нысанды болып келеді. Дүниежүзінде ең көп жасалған нысан шар нысаны болып саналады. Ал бұл жетілген элементке ең жақын дөңгелек, көшпенділер арасында бағаланады. Дөңгелек елтаңбатану элементі ретінде барлық жерде қолданыс табады, бірақ ол шығыс көшпенділер арасында сыйлы және құрметті. Бұл көшпенділер дүниетанымында өмір, мәңгіліктің нышаны болып табылады. Оның көрінісін қазақтың киіз үйінің шаңырағынан табуға болады.

Елтаңбамыздың өзіне негізгі идеясы болып алынған орталық элементі болып киіз үйдің күмбез тәріздес – шаңырақ екендігі белгілі. Шаңырақ белгісінің елтаңбада белгіленуі осы мәңгілік елдің символының тағы бір көрінісі. Шаңырақ – отбасылық ырыс-берекесі, бейбітшілік, тыныштық нышаны. Шеберлікпен, тиімді және әдемі салынған киіз үйдің жарқыраған тесігі – түндік, көгілдір түсті, бейбітшілік аспандағы ашық күнді еске салады. Күмбез жер – уық, біркелкі елтаңбаның ортасынан көгілдір кеңістікке таралған – уық, күн сәулесін – өмір және жылу көзі болып табылады. Шаңырақтың крест тәріздес, үштік күлдіреуіші үш жүздің бірлігін білдіреді, оның беріктігін қамтамасыз етеді. Осындай жолмен, авторлар елтаңбатану тілімен қазақтардың өмірсүйгіштігін көрсетті. Республиканың барлық халықтарын бір шаңырақ астына, біздің жалпы үйіміз – Қазақстанның мықты құрылымға айналуға ұмтылуға шақырады. Елтаңбадағы тұлпарлардың алтын қанаты, сондай-ақ бидай сабақтары, алтын толағай, яғни еңбек белгісін, береке және материалдық ырысты білдіреді.

Елтаңбадағы бес бұрышты жұлдыз қазақ халқының жүрегі және құшағы бес континент өкілдеріне ашық екендігінің куәсі ретіндегі белгі болып табылады. Халықаралық аренада, өз мемлекетінің нышанына ашық көгілдір түсті туды көтерген елдің саясатына ерекше сенімділік пен түсіністікпен қарайды.

Осындай бейнемен, біздің туымыздың таза көгілдір түсі халықтың мәдени-этникалық бірлестігінің куәгері және бір мезгілде мемлекеттің бөлінбейтін көрсетеді.

Елтаңбаның ашық түсі халықтың ашық, анық болашағына сәйкес келеді. Оның түсі біздің бейбітшілікке, басқа планета халықтарымен келісімге, достыққа және бірлікке талпынысымызды көрсетеді. Күн – өмір және энергия көзі. Сондықтан күн бейнесі өмір сүру нышаны болып табылады. Адам мәңгілік емес. Адамның өмірге келуі мен кетуі уақытпен өлшенеді. Ал көшпенділерге уақыт күн қозғалысымен өлшенеді. Күннің шығысы мен батысы бір өлшем – күндіз. Елтаңбатану заңы бойынша, күн көлеңкесі байлық пен береке нышаны болып табылады. Сондықтан анықтап қарағанда, біздің тудың күн сәулесі бір уақытта байлық пен береке негізі – бидай формасы тәріздес екендігі кездейсоқтық емес.

Көшпенділер дүниетанымында дала сұңқары мен бүркіт ерекше орын алады. Қазақстандағы мекендеген халықтар пен этникалық топтардың елтаңбасы мен туындағы оның белгісі, ертеден салт дәстүрі бар. Нышандар тілінде қыран бейнесі мемлекеттік билік, кеңдік және көрегендікті білдіреді. Қырдағыларға бұл бостандық, тәуелсіздік, мақсатқа, биікке ұмтылу, болашаққа шарықтау нышаны. Сонымен қатар, қыран қуатты күшімен, болашақ жетістіктерге жетуге кедергі жасағандарға лайықты тойтарыс бере алады. Қыран бейнесі тәуелсіз Қазақстанның дүниежүзілік өркениет шыңдарына Мәңгілік ел болып қалыптасуға ұмтылу рухынан да шыққан. Туға қайталанбаушылық пен сонылық танытып отырған тағы бір белгі, бұл ұлттық өрнек «қошқар – мүйіз» қазақ елінің ежелден келе жатқан мәдениетін, ұлттық дәстүрін сақтайтын мемлекет ретінде танытады.

Өркениетті елдердің өтпелі кезеңдерінен өту, тәжірибесімен танысу, алдыңғы қатарлы мемлекеттер тәжірибесіне сүйене отырып, даму еліміз үшін өте маңызды. Дамыған демократиялық елдермен бірге, әлем алдында туындаған адамзат мәселелерін бірігіп шешу жолында беделді халықаралық ұйымдарға мүше болу, заң жүйесін дүниежүзілік конвенциялар талаптарына сәйкес дамыту, әлемдік ұлы көшке ілесу мәңгіліктің бір кепілі. Тәуелсіздік алғаннан бері халықаралық ұйымдарға мүше болып кіруге республикаға

жол ашылғаны белгілі. 1997 жылдың басына қарай Қазақстан 60-тан астам халықаралық ұйымдарға мүше болып кірді. Соның бірі ЮНЕСКО – ірі халықаралық ұйым. Ол – Білім, Ғылым және Мәдениет, «Адам және биосфера», «Адам табиғи ортада» т.б. бағдарламалар негізінде жұмыс жасайды. ЮНЕСКО – Қазақстанда биологиялық әртүрлілікті сақтау мақсатында елдің ерекше қорғалатын табиғи аймақтарын ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік табиғи және мәдени мұрасы және «Адам мен биосфера» бағдарламасы шеңберіндегі аймақтар тізіміне кіргізу туралы шараларды іске асыруда, бірлесіп жұмыс атқаруда. Бұнымен қатар, Қазақстан халықаралық ұйым ЮНИСЕФ – Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар Қорына да мүше. ЮНИСЕФ Қазақстан Республикасындағы өзінің жұмысын 1992 жылы бастады, негізінен, денсаулық сақтау саласында, шұғыл жәрдем көрсетуді насихаттайды. ЮНИСЕФ-тің Арал аймағының халқын сауықтыру жөніндегі бағдарламасы – әйелдер мен балалардың денсаулығын қорғау, білім беру, балалардың тамағын жақсарту, сумен қамтамасыз ету, санитарлық қызметті жақсарту жөніндегі нақты шараларды жүзеге асыруға бағытталған. Сонымен бірге Қазақстан 800-ге жуық мемлекетаралық және үкіметаралық келісім-шарттарға қол қойылды. Қазақстанның жаңа мемлекет құрудағы философиялық тұжырымдарында көрсетілген бағыттары және елдің идеологиясы АҚШ, Франция, Ұлыбританияда белгіленген философиялық ұстанымдарды басшылыққа алады. Халықаралық тәжірибе тоталитаризмнен демократиялық бағыт жолына түскен елдердің өтпелі кезеңде идеологиялық дағдарысқа ұшырайтынын көрсетті. Осындай дағдарыстарды басынан өткерген еліміз болашаққа нық қадам басып, «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаратын» идея төңірегіне топтасуына мемлекеттік қызметкерлердің үлесі орасан.

Қазақстанның әлемдік үрдістерге қатысуына кеңінен жол ашылған. Оған қолайлы саяси-әлеуметтік, экономикалық, мәдени, құқықтық негіздер факторлар қалыптасқан. Қазақстанның әлемнің негізгі экономикалық аудандары аралығында орналасуы географиялық жағынан тиімді жағдай. Ертедегі ірі Ұлы Жібек жолы өткен жерлерде енді темір немесе тас жолдар салынуда. Жолдаудағы көліктік-логистикалық инфрақұрылымдарды дамыту мәселелеріне ерекше назар аударылып, оның Ұлы Жібек жолы тармақтарымен өрбуіне ерекше назар аударылғандығы белгілі. Бұл мәселеде Қазақстанның ежелден тоғыз жолдың торабында орналасқан мемлекет ретінде әлемдік кеңістікте алатын орны бар екендігін көрсетеді.

Еліміздің 23 жылда айтарлықтай жеткен жетістіктеріміз сараланып, әлем алдындағы беделіміздің асқақтағаны айқындалды. Қуатты да табысты мемлекетіміздің демократияландыру мен ырықтандырудың орнықты үдерісі, түрлі әлеуметтік этностық және діни топтардың келісімі мен татулығы, халықаралық еңбек бөлінісіндегі біздің рөліміз, қоғамдық тұрақтылық пен келісімді қамтамасыз ететін күшті әлеуметтік саясаты Қазақстанның әлемдегі беделін одан әрі арттыра түсуде.

«Қазақ мемлекеті жиырма жылда жасампаз істерімен әлемге танылды. Ендігі жерде еліміз әлемнің саяси картасынан қуатты, бәсекеге қабілетті, технологиясы дамыған мемлекет ретінде ерекшеленуі тиіс. Мәңгілік Ел болудың бізде барлық алғышарттары дайын», – деп атап өтті ел Президенті «Қазақстан-2050» атты Қазақстан халқына жолдауында [7].

Мәңгілік Ел атану жолында жастарымыз бәсекеге қабілетті деңгейде сапалы білім алып, өз ісінің шебері болуға ұмтылуын қажет етеді. Бүгінгі дәуір өркениетке бастар жолдың озық технологияда екендігін дәлелдеді. Жас ұрпақтың ғылым мен білімге ден қоюы керек кезек күттірмейтін мәселе екендігі ақиқат. Жолдаудың кең ауқымды бағыттары еліміздің экономикалық қуаты мен мерейін асыруда бәрімізге міндет-мақсаттар жүктеді. Солардың бірі – «Білім мен кәсіби машық – заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарлары». Бұл Жолдау жастардың болашағына үлкен серпін беріп, олардың келешекке деген көзқарасына зор сенім ұялатты және білімге, еңбекке және табандылыққа талпынуға шақырды. Өйткені, елдің келешегі, елдің ертеңгі тағдыры солардың қолында. Елбасымыз жар құлағы жастыққа тимей осы жылдар ішінде дүркіретіп Қазақстанның атын шығарып, әлемге танытып жатса, сайып келгенде, соның бәрі ұрпақ үшін. Жастарымыз Қазақстанды әрдайым мақтан етсін, туған халқы үшін ұялмасын, еңсесі биік, кеудесі тік, өзгелермен тең жүрсін деген ниет [8, 1 б].

Қазақ елінің 2050 жылға дейін даму бағыттары айқындалған Елбасы Жолдауындағы Мәңгілік ел идеясын жүзеге асыру барысында дін мәселесіне ерекше мән беру қажет. Өйткені, соңғы кездері діни мәселелердің ушығып, жат ағымдардың іс-әрекеті ашық

көріне бастады. Соның бәріне біржола тосқауыл қойып, өзіміздің дәстүрлі Исламды, Әбу Ханифа мәзһабын дамыту, байырғы құндылықтарымызды қайта оралу қажеттілігі туындап отыр. Ендеше бұл ғасырда ата-бабамыз таңдаған осы бағыттың басымдығы артары сөзсіз. Дінаралық келісімге сызат түсіріп, дінді бұрмалаушылардың барлығына біз тойтарыс беруіміз керек. Өйткені, біздің негізгі дініміз – ата-бабамыз тұтынған, қастерлеген дәстүрлі таза Ислам. Осы діннің елімізде өркендеуіне, дамуына жағдай жасауымыз тиіс. Ал орта жолдан қосылған сан түрлі ағымдарға үгіттейтін дінсымақтарды ауыздықтап, олардың өкілдерін діни ортадан аулақ ұстауымыз керек.

Латын әліпбиіне көшу, тіл мәселесі сынды ұлттық идеологияға қатысты мәселелер мәңгілік еліміздің болашағының іргетасы деп қабылдауымыз қажет.

«Мәңгілік ел» идеясы – мемлекет өмірінің, қоғам мен экономиканың барлық тараптарын одан әрі жаңғыртудың ауқымды бағдарламасы болып табылады. «Қазақстан – 2050» Жолдауында Елбасы: «Біздің басты жетістігіміз – тәуелсіз Қазақстанды құрғанымыз», – деп атап көрсетті. Осы ретте тарих өлшемімен салыстырғанда қас-қағымдай уақыт – тәуелсіздіктің жиырма бір жылында еліміз қол жеткізген, Жолдауда атап айтылған табыстарға қысқаша тоқтала кеткен жөн: «Біз шекарамызды заңдық тұрғыдан ресімдедік. Елдің жаңа елордасы – Астананы салдық. Біз «Алдымен экономика – содан соң саясат» деген айқын формуламен ілгерілеп келеміз. Этникалық, мәдени және діни әралуандыққа қарамастан, елімізде бейбітшілік пен саяси тұрақтылықты сақтадық. Қазақстан жаһандық конфессияаралық үнқатысу орталығына айналды» [7].

Елбасы Жолдауында біздің көпұлтты және көпконфессиялы қоғамымыз табысының негізі – жаңа қазақстандық патриотизм екендігі айтылды. Мақсат қарапайым және түсінікті: біз қоғамдық келісімді сақтауға және нығайтуға тиіспіз. Ең алдымен жастарымыздың бойында елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімін ұялататын жаңа қазақстандық патриотизмді тәрбиелеуге, жалпыұлттық құндылықтарды нығайтуға, этностық немесе басқа да белгілер бойынша кемсітуге жол бермеу керек.

«Мәңгілік елдің» жеті қағидасы біздің дамуымыздың базалық құндылықтарын, Қазақстан халқының ортақ мүддесі мен тарихи тағдырын айшықтайды.

«Қазақстан – 2050» бағдарламасын жүзеге асыру, оның өміршеңдігі әлемдегі қалыптасқан жағдайға сай, еліміздің ұстанған бағытына байланысты екендігі белгілі. Осыған орай, әлемдегі қалыптасқан саяси-экономикалық жағдайда еліміздің қандай бағыт ұстауы керек екендігіне жауап ретінде 2014 жылы жариялаған Елбасының «Нұрлы жол» жолдауы барша жұртшылықты таң қалдыруда. Біздің Президентіміздің Негізгі Заңда көрсетілген конституциялық ауқымда жемісті жұмыс істеп отырғанына бүкіл ел куә. Еліміздегі саяси тұрақтылық, орын алып отырған үлкен қиындықтарға қарамастан макроэкономикалық деңгейдегі ілгерілеу, отандық өнеркәсіпті жандандыруға шетел инвестицияларын көптеп тарту, шикізат көздерін игеріп, жер асты байлықтарын экономиканы аяққа тұрғызуға пайдалану, алыс-жақын шетелдермен оңды қатынастар орнату, ұлттардың татулығын қамтамасыз ету, еліміздің руханиятын, қорғанысын дамытуға күш салу және басқа сан-салалы қызметтері құптауға әбден тұрарлық, әлі ұзақ мерзімді өз жалғасын іс.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 *Политика, культура, религия, социализм.* – СПб., 1911.
- 2 *Айталы А. Ұлт пен дін – тәуелсіздіктің арқауы.* – Алматы, 2013.
- 3 *Назарбаев Н. Ә. Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде.* – Астана, 1993.
- 4 *Назарбаев Н. Ә. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігі – Мәңгілік Елдің Ұлы тарихы.* (Ұлытау төріндегі сұхбаты). *Ринат Думанұлы.* – Ана тілі газеті. – 26 тамыз. – 2015.
- 5 *«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңы.* - Алматы, 1991.
- 6 *ҚР Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» Жолдауы.* 11.11.2014.
- 7 *Назарбаев Н. Ә. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ».* Қазақстан халқына Жолдауы. – Астана. 17.01.2014.
- 8 *Асқаров Ә. Шығар күндей шындық // «Егемен Қазақстан» газеті.* 22.12.2012. № 842–846 (27917).

Дата поступления статьи в редакцию 23.01.2015